Қазақстан Республикасы
Республика Казахстан

Құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен БЕКІТІЛГЕН
2009ж. 21 қыркүйектегі
№1 хаттама

УТВЕРЖДЕН:
Решением общего собрания учредителей,
протокол № 1
от 21 сентября 2009г.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2009 ж. «03» 08 жүргізілді.
БСН 090840000906
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
2009 ж. «03» 08 жүргізілді.

# «ЕСЖ клиринг орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ЖАРҒЫСЫ

# УСТАВ
# Товарищества с ограниченной ответственностью «Клиринговый центр ЕТС»

Алматы қаласы
г. Алматы

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
2009ж. 21 қыркүйектегі №1 хаттама

УТВЕРЖДЕН:
Решением общего собрания учредителей,
протокол № 1 от 21 сентября 2009г.

**«ЕСЖ клиринг орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің**
**Ж А Р Ғ Ы С Ы**

**У С Т А В**
**Товарищества с ограниченной ответственностью «Клиринговый центр ЕТС»**

## 1-БАП. АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ

1.1. Бұдан былай «Серіктестік» деп аталатын **«ЕСЖ клиринг орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** құрылтайшылар (қатысушылар) меншігінің негізінде құрылады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің, осы Жарғының негізінде әрекет етеді.

1.2. Серіктестіктің атауы:
орыс тілінде:
- толық атауы: Товарищество с ограниченной ответственностью «Клиринговый центр ЕТС»;
- қысқартылған атауы: ТОО «КЦ ЕТС».

мемлекеттік тілде:
- толық атауы: «ЕСЖ клиринг орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- қысқартылған атауы: «ЕСЖ КО» ЖШС

ағылшын тілінде:
- толық атауы: Clearing house ETS Ltd;
- қысқартылған атауы: CH ETS Ltd.

## СТАТЬЯ 1. НАИМЕНОВАНИЕ, МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ, СРОК ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

1.1. **Товарищество с ограниченной ответственностью «Клиринговый центр ЕТС»,** именуемое в дальнейшем - “Товарищество”, создается на основе собственности учредителей (участников) и действует на основании Гражданского кодекса Республики Казахстан, закона Республики Казахстан “О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью”, других нормативно-правовых актов Республики Казахстан, настоящего Устава.

1.2. Наименование Товарищества:
на русском языке:
- полное наименование: Товарищество с ограниченной ответственностью «Клиринговый центр ЕТС»;
- сокращенное наименование: ТОО «КЦ ЕТС».
на государственном языке:
- полное наименование: «ЕСЖ клиринг орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- сокращенное наименование: «ЕСЖ КО» ЖШС
на английском языке:
- полное наименование: Clearing house ETS Ltd;
- сокращенное наименование: CH ETS Ltd.

1.3. Серіктестіктің орналасқан жері (заңды мекенжайы): Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Достық даңғылы 136.

1.4. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмеген.

1.5. Серіктестік пен қатысушыларының арасындағы өзара қарым-қатынастар адалдық, заңдылық, қатысушылар теңдігін мойындау, қатысушылардың заңды құқықтарын және мүдделерін сақтау, серіктестік қатысушыларының міндеттерін орындау, өз еркін білдіру, жариялылық қағидаларына негізделеді.

## 2-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

2.1. Серіктестіктің қатысушылары (құрылтайшылары):

**«Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» акционерлік қоғамы**. Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, 050010, Қонаев көшесі, 181. Нақты мекенжайы: Алматы қаласы, 050051 Достық даңғылы, 136, «Пионер 3» бизнес-орталығы. СТН 600900615456, «Қазақстан Халық банкі» АҚ АОФ №139900, Алматы қаласы, банктік шот № 097467415, БИК 190551601, кбе15, код 15.

**«РТС қор биржасы» ашық акционерлік қоғамы**, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес құрылған және тіркелген (2000 жылғы 2 наурызда №001.015.659 Мәскеу тіркеу палатасымен тіркелген, 2002ж. 23 қыркүйекте Ресей САМ Мәскеу қ. бойынша №39 аудан аралық инспекциясымен Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне (ЕГРЮЛ) енгізілген, негізгі мемлекеттік тіркеу нөмірі (ОГРН) 1027739235006, ИНН 7707284328), орналасқан мекенжайы: Ресей Федерациясы, 127006, Мәскеу қ., Долгоруковская к-сі, 38-үй, 1-құр., банктік деректемелері: JSC RTS, OJSC RTS, Swift :NBCORUMM, BANK: Settlement Chamber RTS, Acc. 40702840000010000023; USD корреспонденттік шоты, Acc. 400207419 JPMorgan Chase Bank

1.3. Местонахождение Товарищества (юридический адрес): Республика Казахстан, 050051, г. Алматы, пр. Достык 136.

1.4. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

1.5. Взаимоотношения между Товариществом и участниками строятся на принципах честности, законности, признания равенства участников, соблюдения законных прав и интересов участников, исполнения обязанностей участниками товарищества, добровольного волеизъявления, гласности.

## СТАТЬЯ 2. УЧАСТНИКИ ТОВАРИЩЕСТВА

2.1.Участниками (учредителями) Товарищества являются:

**Акционерное общество «Товарная биржа «Евразийская Торговая Система»**. Юридический адрес: г. Алматы, 050010, ул. Кунаева, 181. Фактический адрес: г. Алматы 050051 пр. Достык 136, Бизнес-центр «Пионер 3». РНН 600900615456, АОФ № 139900 АО «Народный банк Казахстана» г. Алматы, банковский счет № 097467415 БИК 190551601, кбе15, код 15.

**Открытое акционерное общество «Фондовая биржа РТС»**, учрежденное и зарегистрированное в соответствии с законодательством Российской Федерации (зарегистрировано Московской регистрационной палатой 02 марта 2000 года за № 001.015.659, внесено в Единый государственный реестр юридических лиц (ЕГРЮЛ) Межрайонной инспекцией МНС России №39 по г.Москве 23 сентября 2002 г. за основным государственным регистрационным номером (ОГРН) 1027739235006, ИНН 7707284328), расположенное по адресу: Российская Федерация, 127006, г. Москва, ул. Долгоруковская, д.38, стр. 1, банковские реквизиты: JSC RTS, OJSC RTS, Swift :NBCORUMM, BANK: Settlement Chamber RTS, Acc. 40702840000010000023;

(SWIFT: CHASUS33), банктің мекенжайы: Russian Moscow, Krasnoproletarskaya str. 9 bld.1.

Корреспондентский счет в USD, Acc. 400207419 в JPMorgan Chase Bank (SWIFT: CHASUS33), Адрес банка: Russian Moscow, Krasnoproletarskaya str. 9 bld.1.

2.2. Серіктестік қатысушыларының құрамының өзгеруі қатысушының өз еркімен шығуы, жаңа қатысушыларды қабылдау, соның ішінде қатысушының серіктестіктегі үлесінің үшінші тұлғаларға өтуі арқылы болады.

2.3. Егер осы Жарғының ережелерімен басқаша белгіленбесе, Серіктестік қатысушыларының құрамының өзгеру тәртібі және өзгерудің салдары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады.

2.2. Изменение состава участников Товарищества происходит путем добровольного выхода участника, приема новых участников, в том числе и в случае перехода доли участника в товариществе третьим лицам.

2.3. Порядок изменения состава участников Товарищества и последствия изменения определяются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, если иное не установлено положениями настоящего Устава.

## 3-БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Серіктестік қызметінің басты мақсаты жарғылық қызметті жүзеге асыру арқылы таза табыс алу болып табылады.

3.2. Көрсетілген мақсаттарға жету үшін Серіктестік келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- **тауарлармен жүргізілетін мәмілелерден пайда болатын тараптардың өзара талаптарына және міндеттемелеріне сынақ өткізу;**
- Қазақстан экономикасының мониторингі және талдауы;
- тауарларды тұтыну, жұмыстар және қызметтер нарықтарын зерттеу;
- халыққа көліктік қызметтер, соның ішінде жүктер және жолаушылар тасымалдау бойынша қызметтер көрсету;
- көліктік-экспедициялық қызмет көрсету және жүктер тасымалдау;
- қоғамдық тамақтану орындарын – мейрамханалар, кафелер, кафетерийлер, барлар, жаздық алаңдар, т.б. ашу;
- бірлескен кәсіпорындар ашу, шетелдік байланыстарға шығу және сыртқы

## СТАТЬЯ 3. ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ, ЗАДАЧИ ТОВАРИЩЕСТВА

3.1. Главной целью деятельности Товарищества является получение чистого дохода посредством осуществления уставной деятельности.

3.2. Для достижения указанных целей, Товарищество осуществляет следующие виды деятельности:

- **проведение зачета взаимных требований и обязательств сторон, возникающих из сделок с товарами;**
- мониторинг и анализ экономики Казахстана;
- исследование рынков потребления товаров, работ и услуг.
- оказание транспортных услуг населению, в т.ч. по перевозке грузов и пассажиров;
- транспортно-экспедиционное обслуживание и перевозка грузов;
- открытие пунктов общественного питания - ресторанов, кафе, кафетериев, баров, летних площадок и др.;
- оказание помощи предприятиям и частным лицам в поиске сфер

экономикалық қызмет жүргізу үшін қызмет салаларын және әріптестер іздеуде кәсіпорындарға және жеке тұлғаларға көмек көрсету;

- компанияларды, ұйымдарды және мекемелерді басқару бойынша стратегиялық жоспарлар дайындау;
- халыққа, басқа да кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, соның ішінде шетелдіктерге ақылы ақпараттық, кеңес берушілік, маркетингтік, инжирингтік, енгізушілік, жарнамалық, делдалдық және басқа да жұмыстар және қызметтер көрсету, сондай-ақ экономика, құқық және менеджмент саласында аталған қызметтерді көрсету бойынша орталықтар, бюролар және агенттіктер құру;
- халыққа сервистік қызметтер көрсету;
- құрылыс жұмыстарын жүргізу, соның ішінде жобалық, құрылыстық-монтаждық, жөндеу-құрылыс, өңдеу және т.б.;
- жөндеулік, техникалық және кепілдік қызмет көрсету;
- заңды тұлғаларды және азаматтарды таныту бойынша агенттік қызметтер;
- жарнамалық-ақпараттық қызмет;
- жылжымайтын мүліктермен операциялар, соның ішінде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу, сату, жалға беру, жылжымайтын мүлікті басқару;
- Серіктестіктің жарғылық мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес сыртқы экономикалық қызметтердің барлық нысандарын және түрлерін, соның ішінде экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру;
- ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің басқа да түрлері.

3.3. Егер қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензия (рұқсат) алу қажет болса, Серіктестік тиісті лицензияны (рұқсатты) рәсімдеуге құқылы.

3.4. Серіктестік тізімі заң кесімдерімен

деятельности и партнеров для создания совместных предприятий, выхода на зарубежные контакты и ведение внешнеэкономической деятельности;

- разработка стратегических планов по управлению компаниями, организациями и учреждениями;
- оказание платных информационных, консультационных, маркетинговых, инжиниринговых, внедренческих, рекламных, посреднических и других работ и услуг населению, другим предприятиям, учреждениям, организациям, в том числе иностранным, а также создание центров, бюро и агентств по оказанию перечисленных услуг в области экономики, права и менеджмента;
- сервисные услуги населению;
- проведение строительных работ, в т.ч. проектных, строительно-монтажных, ремонтно-строительных, отделочных и др.;
- ремонтное, техническое и гарантийное обслуживание;
- агентские услуги по представлению юридических лиц и граждан;
- рекламно-информационная деятельность;
- операции с недвижимостью, в том числе покупка, продажа, сдача в аренду объектов недвижимости, управление недвижимостью;
- осуществление всех форм и видов внешнеэкономической деятельности в соответствии с действующим законодательство для реализации уставных целей Товарищества, в том числе экспортно-импортные операции;
- другие виды деятельности, не запрещенные законодательством РК.

3.3. Если для осуществления определенного вида деятельности требуется в соответствии с законодательством Республики Казахстан получение лицензии (разрешения), товарищество вправе оформить соответствующую лицензию (разрешение).

3.4. Отдельными видами деятельности,

анықталатын қызметтің жекелеген түрлерімен тек лицензияның (рұқсаттың) негізінде ғана айналыса алады.

перечень которых определяется законодательными актами, товарищество может заниматься только на основании лицензии (разрешения).

## 4-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Серіктестік жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, қызметкерлерінің жылдық орташа саны елуден асатын, бірақ екі жүз елу адамнан аспайтын және активтерінің жылдық орташа құны жылына сәйкес қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген үш жүз жиырма бес мың есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын орта кәсіпкерліктің субъектісі болып табылады.

4.2. Серіктестік мемлекеттік тіркелген кезден бастап заңды тұлға құқықтарына ие болады және заңды тұлғалардың аталған түрі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

4.3. Серіктестіктің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен анықталады.

4.4. Серіктестік қызметін өз бетімен анықтайды және реттейді.

4.5. Серіктестік міндеттемелері бойынша барлық активтерімен жауапкершілік көтереді. Серіктестік мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, мемлекет те Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Серіктестік Қатысушының қарыздары бойынша да жауап бермейді. Қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің Жарғылық капиталына енгізген салымдарының құны шегінде Серіктестіктің қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

4.6. Серіктестік дербес балансқа және

## СТАТЬЯ 4. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС, ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ТОВАРИЩЕСТВА

4.1.Товарищество является субъектом среднего предпринимательства, осуществляющее частное предпринимательство, со среднегодовой численностью работников свыше пятидесяти, но не более двухсот пятидесяти человек и среднегодовой стоимостью активов за год не свыше трехсотдвадцатипятитысячекратного месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год.

4.2. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации и пользуется всеми правами и льготами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан для данного вида юридических лиц.

4.3. Правовое положение товарищества определяется законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом.

4.4. Товарищество самостоятельно определяет и регулирует свою деятельность.

4.5. Товарищество несет ответственность по своим обязательствам всеми своими активами. Товарищество не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по обязательствам Товарищества. Товарищество не отвечает также и по долгам Участника. Участник не отвечает по обязательствам товарищества и несет риск убытков, связанных с деятельностью товарищества, в пределах стоимости внесенных им вкладов в Уставный капитал товарищества.

4.6. Товарищество имеет самостоятельный

толық шаруашылық дербестікке, соның ішінде қызметті жоспарлау, басқару нысанын анықтау, шаруашылық шешімдерін қабылдау, өткізу, баға белгілеу, еңбекті төлеу, таза табысты бөлу мәселелерінде дербестікке ие.

4.7. Серіктестік белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасындағы, шет елдердегі банктерде шоттар, соның ішінде валюталық шоттар аша алады.

4.8. Серіктестік қызметін толық шаруашылық есеп беру негізінде жүзеге асырады. Серіктестік өзінің атынан шарттарды бекітеді, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иеленеді және міндеттерді көтереді, Қазақстан Республикасының немесе өзге де мемлекеттің сотында талапкер және/немесе жауапкер болады.

4.9. Серіктестік фирмалық атауға және мөрге ие, сондай-ақ фирмалық белгіге және мөртабанға ие бола алады.

4.10. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына, қызмет мақсаттарына және мүліктің мәніне сәйкес мүлкін иеленуді, пайдалануды, қолдануды дербес жүзеге асырады.

4.11. Серіктестік Қазақстан Республикасында да, одан тыс жерде де заңды және жеке тұлғалармен мәмілелер, өзге де заңдық әрекеттер, соның ішінде сатып алу-сату, айырбастау, жалға алу, тасымалдау, кепілдік, комиссиялар, сақтау, бірлескен қызмет, т.б. жүзеге асыруға құқылы.

4.12. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы кәсіпорындардан, ұйымдардан, шетелдік фирмалардан, азаматтардан өнімдер (жұмыстар, қызметтер, тауарлар, мүліктік және мүліктік емес құқықтар) сатып алуға, сондай-ақ оларға өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді, тауарларды, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды) сатуға құқылы.

4.13. Серіктестік, соның ішінде шетелде де

баланс и обладает полной хозяйственной самостоятельностью, в том числе в вопросах планирования деятельности, определения форм управления, принятия хозяйственных решений, сбыта, установления цен, оплаты труда, распределения чистого дохода.

4.7. Товарищество может открывать в установленном порядке счета, в том числе валютные, в банках как в Республике Казахстан, так и за границей.

4.8. Товарищество осуществляет свою деятельность на основе полного хозяйственного расчета. Товарищество от своего имени заключает договора, приобретает имущественные и неимущественные права и несет обязанности, выступает истцом и/или ответчиком в суде Республики Казахстан или другого государства.

4.9. Товарищество имеет фирменное наименование и печать, также может иметь фирменный знак и штамп.

4.10. Товарищество самостоятельно осуществляет владение, пользование, распоряжение своим имуществом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, целями своей деятельности и назначением имущества.

4.11.Товарищество имеет право совершать как в Республике Казахстан, так и за ее пределами, сделки и иные юридические действия с юридическими и физическими лицами, в том числе купли-продажи, мены, найма, транспортировки, поручения, комиссии, хранения, совместной деятельности и другие.

4.12.Товарищество может приобретать продукцию (работы, услуги, товары, имущественные и неимущественные права) у предприятий, организаций, иностранных фирм, граждан, а также реализовывать им продукцию (работы, услуги, товары, имущественные и неимущественные права) за наличный и безналичный расчет в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

4.13. Товарищество может

көрмелер, конкурстар, семинарлар, конференциялар ұйымдастыра алады, өткізе алады және қатыса алады.

4.14. Серіктестік сауда-саттықтарға және аукциондарға қатыса алады.

4.15. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында да, шетелде де жылжымалы және жылжымайтын мүлікті салуға, сатып алуға, шеттетуге, жалға алуға және беруге құқылы.

4.16. Серіктестік белгіленген тәртіпте банктердің және фирмалардың несиелерін, соның ішінде валюталық несиелерді пайдалана алады.

4.17. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзінің балансынан, соның ішінде жеделдетілген амортизация тәртібімен қарыздарды және басқа да қаражаттарды есептен шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

4.18. Серіктестік жұмыс үшін жалдау бойынша жұмыскерлер мен мамандарды, соның ішінде шетелдіктерді тартуға құқылы. Серіктестік жұмыскерлерін іс-сапарға, соның ішінде шетелге жіберуге, сондай-ақ іс-сапарға, соның ішінде шетелден келгендерді қабылдауға құқылы.

4.19. Серіктестік қауымдастықтарға, концерндерге және басқа да бірлестіктерге кіруге, кез келген басқа да шаруашылық субъектілерінің қатысушысы болуға құқылы.

4.20. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында да, шетелде де филиалдарға, өкілдіктерге және еншілес серіктестіктерге ие бола алады.

4.21. Қатысушылардың жеке салымдарының жиынтығы серіктестіктің жарғылық капиталын қалыптастырады.

4.22. Серіктестік таза табысының белгілі бір бөлігін еңбек үшін қосымша (сыйақылық) төлем ретінде жұмыскерлерінің арасында тарату үшін бөле алады.

## 5-БАП. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

5.1. Серіктестіктің Жарғылық капиталы –

организовывать, проводить и участвовать в выставках, конкурсах, семинарах, конференциях, в том числе за границей.

4.14. Товарищество может участвовать в торгах и аукционах.

4.15. Товарищество имеет право строить, приобретать, отчуждать, брать и сдавать в найм как на территории Республики Казахстан, так и за границей движимое и недвижимое имущество.

4.16. Товарищество может пользоваться в установленном порядке кредитами банков и фирм, в том числе валютными кредитами.

4.17. Товарищество имеет право производить списание со своего баланса, в том числе в порядке ускоренной амортизации, долгов и других средств в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

4.18. Товарищество вправе привлекать для работы по найму работников и специалистов, в том числе иностранных. Товарищество имеет право командировать своих работников, в том числе и за границу, а также принимать командированных, в том числе и из-за границы.

4.19. Товарищество вправе вступать в ассоциации, концерны и другие объединения, быть участником любых других хозяйствующих субъектов.

4.20. Товарищество может иметь, филиалы, представительства и дочерние товарищества как на территории Республики Казахстан, так и за границей.

4.21. Совокупность личных вкладов участников составляет уставный капитал товарищества.

4.22. Товарищество может выделить часть чистого дохода для распределения среди работников товарищества в качестве дополнительной (премиальной) оплаты за труд.

## СТАТЬЯ 5. УСТАВНЫЙ КАПИТАЛ

5.1. Уставный капитал товарищества

30 315 600 (отыз миллион үш жүз он бес мың алты жүз) теңге.

5.2. Мемлекеттік тіркеу кезінде серіктестіктің Жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде толығымен енгізілген.

Серіктестіктің жарғылық капиталын өзгерту (ұлғайту және азайту) қолданыстағы заңнама тәртібінде және талаптары есепке алына отырып жүзеге асырылады.

5.3. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жерді пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижесіне берілген құқық және басқа да мүліктер Серіктестіктің Жарғылық капиталына салым бола алады.

Жеке мүліктік емес және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

5.4. Серіктестіктің мүлкі қатысушылардың Жарғылық капиталдағы салымдарының, серіктестік алған кірістердің, сондай-ақ заңнамамен тыйым салынбаған басқа көздердің есебінен құралады.

5.5. Серіктестіктің мүлкі серіктестіктің меншігі болып табылады және оның балансында есепке алынады.

5.6. Қатысушылардың Жарғылық капиталдағы үлестері серіктестіктің Жарғылық капиталдағы салымдарына пропорционал болады.

5.7. Серіктестіктің қатысушысы серіктестіктің мүлкіндегі үлесін немесе оның бір бөлігін өз қалауымен осы серіктестіктің бір немесе бірнеше қатысушысына немесе басқа қатысушылардың жазбаша келісімімен ғана үшінші тұлғаларға сатуға немесе басқа әдіспен беруге құқылы. Сондай-ақ серіктестіктің қатысушысы серіктестіктің басқа қатысушысының және үшінші тұлғаның алдындағы міндеттемесін қамтамасыз ету ретінде үлесін кепілге қоюға құқылы, осындай мәміле жасау үшін серіктестіктің немесе басқа қатысушылардың келісімі талап етілмейді.

5.8. Заң актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа уақытта серіктестіктің

составляет: 30 315 600 (тридцать миллионов триста пятнадать тысяч шестьсот) тенге.

5.2. На момент государственной регистрации Уставный капитал Товарищества в размере установленном действующим законодательством Республики Казахстан, внесен полностью.

Изменение (увеличение и уменьшение) уставного капитала товарищества осуществляется в порядке и с учетом требований действующего законодательства.

5.3. Вкладом в Уставный капитал Товарищества могут быть деньги, ценные бумаги, вещи, имущественные права, в том числе право землепользования и право на результаты интеллектуальной деятельности и иное имущество.

Не допускается внесение вклада в виде личных неимущественных и иных нематериальных благ.

5.4. Имущество Товарищества формируется за счет вкладов участников в Уставной капитал, доходов, полученных Товариществом, а также иных источников, не запрещенных законодательством.

5.5. Имущество Товарищества является собственностью Товарищества и учитывается на его балансе.

5.6. Доли участников в Уставном капитале пропорциональны их вкладам в Уставной капитал Товарищества.

5.7. Участник Товарищества вправе продать или иным способом уступить свою долю в имуществе товарищества или ее часть одному или нескольким участникам данного товарищества по своему выбору, либо третьим лицам, только с письменного согласия других участников. Равным образом участник товарищества вправе заложить долю в обеспечение своего обязательства перед другим участником товарищества и третьим лицом, согласия товарищества или других участников на совершение этой сделки не требуется.

5.8. Участники Товарищества пользуются преимущественным перед третьими

қатысушылары қандай да бір қатысушы үлесін сатқанда үшінші тұлғалардың алдында қатысушының үлесін немесе бір бөлігін артықшылықпен сатып алу құқығын пайдаланады. Осындай құқықты әрбір қатысушы пайдалана алады. Артықшылықпен сатып алу құқығын пайдаланғысы келетін қатысушылар бірнешеу болса, құрылтай құжаттарымен немесе серіктестік қатысушыларының басқа келісімімен басқаша қарастырылмаса, қатысушылар үлесті (бір бөлігін) артықшылықпен сатып алу құқығын жарғылық капиталдағы үлес мөлшеріне пропорционал жүзеге асырады.

лицами правом покупки доли участника или ее части при ее продаже кем-либо из участников, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами. Таким правом может воспользоваться каждый участник. Если участников, желающих воспользоваться преимущественным правом покупки, несколько, и учредительными документами или иным соглашением участников Товарищества не предусмотрено иное, преимущественное право покупки доли (ее части) осуществляется участниками пропорционально размерам их долей в уставном капитале.

5.9. Үлесін немесе бір бөлігін үшінші тұлғаға сатқысы келетін серіктестіктің қатысушысы ұсынылған сатылым бағасын көрсетіп, серіктестіктің атқарушы органына өз ниеті туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

5.9. Участник Товарищества, желающий продать свою долю или ее часть третьему лицу, обязан письменно известить о своем намерении исполнительный орган товарищества с указанием предполагаемой цены продажи.

5.10. Серіктестіктің қатысушысы үлестің сатылымға ұсынылғандығы туралы хабар алған кезден бастап жеті күн ішінде атқарушы орган серіктестіктің барлық қатысушыларына бұл туралы хабарлайды. Артықшылықпен сатып алу құқығын жүзеге асырғысы келетін серіктестіктің қатысушысы жеті күннің ішінде сатып алуға ұсынылған үлесті толығымен немесе бір бөлігін сатып алғысы келетіндігін көрсетіп, серіктестіктің атқарушы органына бұл туралы хабарлауға міндетті.

5.10. В течение семи дней с момента получения от участника Товарищества извещения о предложении доли к продаже исполнительный орган извещает об этом всех участников товарищества. Участник Товарищества, желающий осуществить преимущественное право покупки, должен в семидневный срок уведомить об этом исполнительный орган товарищества, указав при этом, что намерен приобрести предлагаемую к продаже долю полностью или в определенной части.

5.11. Келіп түскен ұсыныстардың жиынтықты көлемі сатылатын үлестің мөлшерінен аспаса, қатысушылардың әрқайсысы хабарламада аталған бөлігін сатып алады. Шеттеткенге дейін жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларынан қосымша ұсыныс келіп түспесе, үлестің сатылмай қалған бөлігі үшінші тұлғаға шеттетіледі.

5.11. Если совокупная величина поступивших предложений не превышает размера продаваемой доли, каждый из участников приобретает ту ее часть, которую он указал в своем уведомлении. Оставшаяся часть доли может быть отчуждена третьему лицу, если до такого отчуждения не поступит дополнительных предложений от участников Товарищества с ограниченной ответственностью.

5.12. Серіктестіктің атқарушы органына үлесті сатылымға ұсыну туралы хабар жіберілген күннен бастап бір ай ішінде үлес немесе бір бөлігі артықшылықпен сатып алу құқығын жүзеге асыру тәртібінде серіктестік қатысушыларымен

5.12. Если в течение месяца со дня направления исполнительному органу Товарищества извещения о предложении доли к продаже, она или ее часть не будет выкуплена участниками Товарищества в порядке осуществления

сатып алынбаса, сатуға ұсынған қатысушы хабарламада аталған бағадан төмен болмайтын бағаға үлесін (үлестің сатып алынбаған бөлігін) үшінші тұлғаға сатуға құқылы.

5.13. Үлес үшінші тұлғаға хабарламада аталғаннан төмен бағаға сатылған болса, үлесті сатып алу-сату шартының күші жоқ деп танылуы мүмкін. Қатысушылар нақты сатылым бағасын есепке ала отырып, үлесті немесе бір бөлігін артықшылықпен сатып алу құқығын жүзеге асыру процедурасын қайталауға құқылы.

5.14. Артықшылықпен сатып алу құқығы бұзыла отырып үлес немесе бір бөлігі сатылғанда серіктестіктің кез келген қатысушысы үш айдың ішінде сот тәртібінде өзіне сатып алушының құқықтары мен міндеттерін аударуды талап ете алады.

5.15. Шеттетілетін үлесті артықшылықпен сатып алу құқығы үлесті кез келген сату әдісінде, соның ішінде сауда-саттықта жүзеге асырылады.

5.16. Үлесті артықшылықпен сатып алу құқығын тапсыруға жол берілмейді.

5.17. Серіктестіктің қатысушысы (қатысушылары) шеттетілген үлесті немесе бір бөлігін сатып алған жағдайда оның (олардың) серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесі сәйкесінше ұлғаяды.

5.18. Осы бап ережелері айырбастау шарты бойынша үлесті шеттету кезінде де қолданылады.

5.19. Үлес немесе бір бөлігі үшінші тұлғаға сатылғанда қатысушылар артықшылықпен сатып алу құқығын пайдаланғысы келмесе, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзі осы баптың ерекшеліктерін есепке ала отырып, оны пайдалана алады.

5.20. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік үлесті сатып алғанда үлестің бағасы тараптардың келісімімен, ал бір келісімге келе алмаған жағдайда сотпен анықталады.

преимущественного права, участник, предложивший долю к продаже, вправе продать долю (невыкупленную часть доли) третьему лицу по цене не ниже той, какая была указана в извещении.

5.13. Если доля будет отчуждена третьему лицу по более низкой цене нежели та, которая была указана в извещении, договор о купле-продаже доли может быть признан недействительным. Участники имеют право повторить процедуру реализации преимущественного права покупки доли с учетом фактической продажной цены доли или ее части.

5.14. При продаже доли или ее части с нарушением преимущественного права покупки любой участник Товарищества может в течение трех месяцев потребовать в судебном порядке перевода на него прав и обязанностей покупателя.

5.15. Преимущественное право покупки отчуждаемой доли осуществляется при любом способе продажи доли, в том числе на торгах.

5.16. Уступка преимущественного права покупки доли не допускается.

5.17. В случае приобретения отчуждаемой доли или ее части участником (участниками) Товарищества его (их) доля в уставном капитале Товарищества соответственно увеличивается.

5.18. Правила настоящей статьи применяются также при отчуждении доли по договору мены.

5.19. При нежелании участников воспользоваться преимущественным правом покупки доли или ее части при ее продаже третьему лицу, преимущественным правом покупки, с учетом особенностей настоящей статьи, может воспользоваться само товарищество с ограниченной ответственностью.

5.20. При выкупе доли Товариществом с ограниченной ответственностью цена доли определяется соглашением сторон, а при не достижении соглашения - судом.

## 6-БАП. РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚОРЛАР

6.1. Серіктестік қызметі үшін қажетті резервтік капиталды құруға құқылы, ол серіктестіктің таза крісінен жыл сайын аударымдар жасау арқылы құралады. Резервтік капиталға жылдық аударылатын аударымдардың мөлшері Қатысушылардың жалпы жиналысымен анықталады.

6.2. Серіктестікте ғылым, техника, материалдық мадақтау, әлеуметтік және материалдық даму, басқа да қорлар құрылуы мүмкін. Қорлардың көлемдері, көздері, құрылу және қаражаттарды жұмсау тәртібі Қатысушылардың жалпы жиналысымен белгіленеді.

## СТАТЬЯ 6. РЕЗЕРВНЫЙ КАПИТАЛ И ИНЫЕ ФОНДЫ

6.1. Товарищество имеет право создавать необходимый для своей деятельности резервный капитал, который формируется путем ежегодных отчислений от чистого дохода Товарищества. Размер ежегодных отчислений в резервный капитал устанавливается Общим собранием участников.

6.2. В Товариществе могут быть созданы фонды науки, техники, материального поощрения, социального и материального развития, иные фонды. Размеры, источники, порядок образования и расходования средств фондов определяются Общим собранием участников.

## 7-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ, ТАБЫСЫ ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ

7.1.Серіктестіктің мүлкін негізгі қорлар және айналымдағы қаражаттар, сондай-ақ құны серіктестіктің дербес балансында көрсетілетін басқа да мүліктер құрайды.

7.2. Мүлік серіктестікке меншік құқығында тиесілі.

7.3. Серіктестік мүлкінің көздері:

- Жарғылық капиталға қатысушылардың енгізген салымдары (ақшалай және материалдық);
- қызметінен алынған табыстар;
- шаруашылық қызмет нәтижесінде серіктестікпен өндірілген өнім;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер.

7.4. Серіктестіктің жиынтықты және таза табысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте анықталады.

7.5. Серіктестіктің ықтимал шығындары резервтік капиталдың қаражаттарының

## СТАТЬЯ 7. ИМУЩЕСТВО, ДОХОД ТОВАРИЩЕСТВА И ВОЗМЕЩЕНИЕ УБЫТКОВ

7.1.Имущество Товарищества составляют основные фонды и оборотные средства, а также иное имущество, стоимость которого отражается в самостоятельном балансе товарищества.

7.2.Имущество принадлежит Товариществу на праве собственности.

7.3. Источниками имущества Товарищества являются:

- вклады (денежные и материальные) участников в Уставный капитал;
- доходы, полученные от его деятельности;
- продукция, произведенная товариществом в результате хозяйственной деятельности;
- иные источники, не запрещенные законодательством Республики Казахстан.

7.4. Совокупный и чистый доход Товарищества определяется в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан.

7.5. Возможные убытки Товарищества покрываются за счет средств резервного

есебінен жабылады, шығындарды жабу үшін резервтік капиталдың қаражаттары жетпеген жағдайда шығындарды жабу көздері туралы шешім Қатысушылардың жалпы жиналысымен қабылданады.

капитала, при недостатке средств резервного капитала для покрытия убытков решение об источниках покрытия убытков принимается Общим собранием участников.

7.6. Бір жылғы қызмет нәтижелері бойынша серіктестік алған таза кіріс серіктестік қатысушыларының арасында тиісті жылға серіктестіктің қызмет нәтижелерін бекітуге арналған серіктестік қатысушыларының кезекті жалпы жиналысының шешіміне сәйкес бөлінеді.

7.6. Распределение между участниками Товарищества чистого дохода, полученного товариществом по результатам его деятельности за год, производится в соответствии с решением очередного общего собрания участников товарищества, посвященного утверждению результатов деятельности товарищества за соответствующий год.

7.7. Жалақыны, салықтарды, бюджетке basқа да төлемдерді төлегеннен кейін серіктестікте қалған кіріс (таза кіріс) серіктестіктің меншігі болып табылады және ол бұдан былайғы жұмысы мен дамуы үшін бөлінеді.

7.7. Доход, остающийся у Товарищества после уплаты заработной платы, налогов и других платежей в бюджет (чистый доход), является собственностью товарищества и распределяется им для дальнейшей работы и развития.

7.8. Қатысушылардың жалпы жиналысы таза кірісті немесе бір бөлігін серіктестік қатысушыларының арасында бөлмеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7.8. Общее собрание участников вправе принять решение об исключении чистого дохода или его части из распределения между участниками Товарищества.

7.9. Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы қатысушылардың арасында кірісті бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда әрбір қатысушы серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесіне сәйкес бөлінетін кірістің бір бөлігін алуға құқылы. Жалпы жиналыс таза кірісті бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде серіктестік төлем төлеуге тиіс.

7.9. В случае принятия общим собранием Товарищества решения о распределении дохода между участниками каждый участник вправе получить часть распределяемого дохода, соответствующую его доле в уставном капитале товарищества. Выплата должна быть произведена Товариществом в денежной форме в течение месяца со дня принятия общим собранием решения о распределении чистого дохода.

7.10. Серіктестік бүкіл жарғылық капиталы толық төленгенге дейін қатысушыларының арасында кірісті бөлуге құқықсыз.

7.10. Товарищество не вправе распределять доход между участниками до полной оплаты всего уставного капитала товарищества.

## 8-БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

## СТАТЬЯ 8. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ УЧАСТНИКОВ ТОВАРИЩЕСТВА

8.1. Серіктестіктің қатысушылары құқылы:

а) осы жарғымен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте

8.1. Участники Товарищества имеют право:

а) участвовать в управлении делами Товарищества в порядке, предусмотренном настоящим уставом и

Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

б) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және басқа да құжаттарымен танысуға;

в) серіктестіктің құрылтай құжаттарына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес серіктестіктің қызметінен табыс алуға;

г) Серіктестік тараған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бөлігінің құнын алуға немесе барлық қатысушылардың келісімі бойынша осы мүлік бөлігін заттай алуға;

д) қолданыстағы заңнамамен және осы жарғымен қарастырылған тәртіпте үлесін шеттету арқылы серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

е) құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімдерін сот тәртібінде даулауға;

ж) Жарғылық капиталдағы қатысуына сәйкес пропорцияда қатысушының үлесін немесе бір бөлігін артықшылықпен сатып алу құқығына ие.

Серіктестіктің қатысушысы осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының Заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарға ие бола алады.

8.2. Серіктестіктің қатысушысы міндетті:

а) құрылтай құжаттарының, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауға;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және серіктестіктің Жарғысымен көзделген тәртіпте, көлемде және мерзімде жарғылық капиталды қалыптастыру кезінде салым салуға;

в) серіктестік коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді жарияламауға;

г) серіктестікке қатысты өзіне қабылданған міндеттемелерді орындауға;

д) Серіктестікке қызметін жүзеге асыру кезінде көмек көрсетуге;

е) атау, орналасқан жер, мекенжай, банктік

действующим законодательством Республики Казахстан;

б) получать информацию о деятельности Товарищества и знакомиться с его бухгалтерской и иной документацией;

в) получать доход от деятельности Товарищества в соответствии с учредительными документами товарищества, действующим законодательством Республики Казахстан, решением его общего собрания;

г) получить в случае ликвидации Товарищества стоимость части имущества, оставшегося после расчетов с кредиторами или, по соглашению всех участников, часть этого имущества в натуре;

д) прекратить участие в Товариществе путем отчуждения своей доли в порядке, предусмотренном действующим законодательством и настоящим уставом;

е) оспаривать в судебном порядке решения органов Товарищества, нарушающие его права;

ж) имеет приоритетное право на покупку доли участника или части в пропорции соотнесенной со своим участием в Уставном капитале (Преимущественное право).

Участник Товарищества может иметь и другие права, предусмотренные настоящим Уставом и Законодательством Республики Казахстан.

8.2. Участник Товарищества обязан:

а) соблюдать требования учредительных документов и действующего законодательства Республики Казахстан;

б) внести вклад при формировании уставного капитала в порядке, размере и в сроки, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и Уставом Товарищества;

в) не разглашать сведения, которые товариществом объявлены коммерческой тайной;

г) исполнять принятые на себя, обязательства в отношении Товарищества;

д) оказывать Товариществу содействие в осуществлении его деятельности;

е) письменно извещать исполнительный

деректемелер секілді мәліметтер өзгерген жағдайда серіктестіктің атқарушы органына жазбаша хабарлауға.
